

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің қазынашылық органдарының шоттарынан уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының банктеріндегі салымдарға орналастыруының тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 мамыр N 451. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.11. N 943 қаулысымен. ~P010943

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің қазынашылық органдарының шоттарынан уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының банктеріндегі салымдарға орналастыруының тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.

P990172_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің қазынашылық органдарының шоттарынан уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының банктеріндегі салымдарға орналастыруының тәртібі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттерін орналастыруды ұйымдастырсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.

P990172_

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық

департаментіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдерімен қазынашылық органдарының шоттарынан уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының банктеріндегі салымға орналастыруды сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша және міндеттемені (кепілді) қамтамасыз етпестен орналастыруға рұқсат берілуі мүмкін деп белгіленсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 3-тармақпен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1998.10.20. N 1061 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 18 мамырдағы

№ 451 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Қазынашылық департаментінің қазынашылық
органдарының шоттарынан уақытша бос ақшаны
Қазақстан Республикасының
банктеріндегі салымдарға орналастыруының
тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

<*>

Осы Ереже "Бюджет жүйесі туралы", Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті туралы ережеге сәйкес әзірленді және ол Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті органдарының шоттарындағы уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының банктеріндегі (бұдан әрі - Банктер) салымдарға орналастыру шарттарына қойылатын міндетті талаптарды белгілейді. <*>

ЕСКЕРТУ. Атауы мен Кіріспе өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 172
қаулысымен. P990172_

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті (бұдан әрі - Департамент) қазынашылық органдарының корреспонденттік шоттарынан уақытша бос ақшаны банктердегі салымдарға заңдарда белгіленген тәртіппен Департаменттің уақытша ақша тартуы туралы тиісті келісімдер жасасу жолымен тартады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.
P990172_

2. Уақытша бос ақша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің салымдарына орналастырылады. Департаменттің Бірыңғай қазынашылық шотынан және шетел валютасындағы корреспонденттік шотынан, сондай-ақ басқармалардың ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттарынан орналастыру екінші деңгейдегі банктермен жасалатын Банктік салым шартының және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Кепіл туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады. Екінші деңгейдегі банктерді айқындаудың шарттары банкте аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргізу, банктің Банктік салым шарты жасалған күнге дейін үш ай бойы пруденциялық нормативтерді және басқа да нормалар мен лимиттерді сақтауы және банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бірінші топқа енгізілуі болып табылады.

3. Міндеттемені қамтамасыз ету (кепіл) - сыйақыны (мүддені), айыппұлдарды , өсімдерді, тұрақсыздық айыптарын, шығындарды өтеуді, алымдар бойынша шығыстарды және басқаларын есепке ала отырып салымды толық қайтаруды қамтамасыз етуге қажетті мөлшерде Кепіл шарты бойынша Департаментке берілетін (аударылатын) мемлекеттік бағалы қағаздар немесе еркін айналымдағы валюта.

4. Басқармалардың корреспонденттік шоттарындағы және Бірыңғай қазынашылық шоттағы уақытша бос ақшаны жинақтау үшін Департамент ұлттық валютада шот ашады.

2. Уақытша бос ақшаны банктік салымдарға орналастырудың шекті мерзімдері мен сомалары

5. Департамент Банктердегі салымдарға Бірыңғай қазынашылық шоттағы және қазынашылықтың облыстық басқармаларының корреспонденттік шоттарындағы, сондай-ақ Департаменттің шетел валютасындағы корреспонденттік шотындағы алдыңғы айдағы қаражаттың орташа күндік қалдығының 50 процентінен аспайтын жалпы сомада орналастыруға құқылы.

6. Банктердегі мерзімді салымдарға орналастырылатын бос ақшаның нақты сомасын Департамент белгілейді.

7. Басқармалар Департаменттің нұсқауы бойынша өздерінің корреспонденттік шотынан ақшаны кейін оларды банктік салымдарға орналастыру үшін Департаменттің шотына аударады.

8. Мерзімді банктік салымдарды орналастырудың ең үлкен мерзімі үш күнтізбелік айдан аспауы керек және ол үш айдан астам мерзімге ұзартыла алмайды. Бұл ретте банктік салымды қайтарудың шекті мерзімі тиісті қаржы жылының 30 қарашасынан кеш болмауға тиіс. <*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.
P990172_

9. Банктік салым шартын ұзарту Банктік салым шартына қосымша келісіммен ресімделеді. Бұл ретте кепілге салынған және олар бойынша өтеу мерзімі банктік салым мерзімі аяқталғанға дейін аяқталатын мемлекеттік бағалы қағаздар ауыстыруға жатады.

10. Қазынашылық органдарының корреспонденттік шоттарындағы және

Бірыңғай қазынашылық шоттағы дебеттік сальдоларға жол бермеу мақсатында Банктік салым шартын Департамент біржақты тәртіппен бұзуы және салым жоғарыда аталған шоттарға қайтарылуы мүмкін.

11. Сыйақысы (мүддесі) есептелген банктік салымды қайтару мерзімі Банктік салым шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда тараптардың келісімі бойынша Банктік салым шартында белгіленеді, бірақ талап ету түскен күнді қоса алғанда 3 банктік күннен аспауы керек.

<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.

P990172_

3. Сыйақыны (мүддені) есептеу

12. Департамент уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының банктерінде ұлттық валютадағы салымдарға орналастырылған кезде сыйақының (мүдденің) ең аз ставкасы 3 проценті шегерілген соңғы аукциондағы МЕККАМ-3 нақты кірістілігі бойынша Банктік салым шарты жасалған күні айқындалады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.

P990172_

13. Сыйақының (мүдденің) ставкасы 12-тармақта көрсетілген ең аз ставкаға мынадай түзетуші есуді (кемуді) ескере отырып айқындалады:

- банктік салымның мерзіміне қарай

20 күнге дейін төмен деңгейдің 0,5 % шегеру

20-дан 35 күнге дейін ең төмен деңгейдің 0 %

35 күннен астам ең төмен деңгейдің 0,5 % қосу

- банктік салымға орналастырылатын сомаға қарай

100 млн. теңгеге дейін мөлшерде 0,5 % қосу

100 млн. теңгеден астам мөлшерде 0%

- кепілге ұсынылатын бағалы қағаздардың мерзімділігіне қарай

12 айлық мемлекеттік бағалы қағаздар 1 % қосу

3 және 6 айлық мемлекеттік бағалы қағаздар 0 %.

Банктік салым шарты мерзімінен бұрын бұзылғанда осы тармақта белгіленген талаптар қолданылмайды.

14. Банктік салым шартын жасасу кезінде сыйақының (мүдденің) ставкасы нарық конъюктурасына және банктің ұсынысына сүйене отырып, бірақ 12-тармақта белгіленген деңгейінен кем болмай белгіленуі мүмкін. Бұл ретте уақытша бос ақша неғұрлым ұтымды шарттарды ұсынған

банкте салымға орналастырады.

4. Сыйақыны (мүддені) төлеу шарттары

15. Банктік салым шартының мерзімі аяқталғанда Банк банктік салым сомасын Банктік салым шартында көрсетілген деректемелер бойынша Департаментке қарайды, ал сыйақыны (мүддені) Банктік салым шартына сәйкес онда көрсетілген деректемелер бойынша республикалық бюджеттің кірісіне аударады.

16. Сыйақының (мүдденің) сомасы Банктік салым шартында көзделген ставкаға сәйкес есептеледі.

5. Міндеттемелерді қамтамасыз ету және
кепілге қойылатын талаптар

17. Кепіл ретінде банктік салымды өтеу мерзіміне тең және одан асатын айналым мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздар, сондай-ақ еркін өтімді валюта қабылдануы мүмкін.

18. Кепілді мемлекеттік бағалы қағаздардың кепілді қамтамасыз ету сомасы эмиссиялау сәтіндегі олардың аукциондық кірістілігін есепке ала отырып есептеледі.

19. Шетел валютасындағы кепіл Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік салым шарты жасалған күнгі ресми валюталық бағамы бойынша есептеледі.

20. Департамент пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында Банктік салым шарты жасалған кезде осы Ереженің 13-тармағында көзделген шарттар қолданылмайды.

21. Кепілді ресімдеу кезінде Департамент Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын басшылыққа алады. Кепіл туралы шарт Орталық депозитарийде белгіленген тәртіппен тіркеледі.

22. Банктік салымға ақшаны аудару Банктік салым шартында белгіленген мерзімде, Банк Департаментке:

Банктің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының кепілін тіркегені туралы Орталық депозитарийдің жазбаша растауын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының Банктің негізгі ДЕПО шотынан оның Орталық депозитарийдегі "Кепіл операциялары бойынша тосқауыл қойылған" деген қосалқы шотына шеттетілгені туралы Орталық депозитарийдің растауын ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Міндеттемелер еркін өтімді валютамен қамтамасыз етілгенде Банк Департаментке Департаменттің шотына ақшаның кепіл ретінде еркін айналымдағы валютада аударылғаны туралы қуаттауды ұсынуы керек. <*>

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.

23. Банктік салым шарты бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін Департамент Орталық депозитарийге Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздардың кепілі тоқтатылғаны туралы ДЕПО тапсырысын жібереді және/немесе кепілдің сомасын шетелдік валютада банктің - кепіл берушінің шотына аударады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 172 қаулысымен.

P990172_

6. Қорытынды ережелер

24. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешіледі.